

"Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібін бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 30 шілдедегі N 185-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 12 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2438. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 25.04.2013 № 130-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 15.02.2013 № 48-НҚ бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-1 бабының 2-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Ескерту. Бұйрықтың кіріспесіне өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2009.02.17 N 48-НҚ бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 15.02.2013 № 48-НҚ бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны белгіленген тәртіпте ресми бұқаралық ақпарат құралдарында

2003 жылғы 30 шілдедегі
N 185 НҚ бұйрығымен
бекітілген

Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі

Ескерту. Тәртіптің атауы жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 15.02.2013 № 48-НҚ бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың осы ерекше тәртібі (бұдан әрі - Ерекше тәртіп) Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) негізсіз көтерілуіне жол бермеу мақсатында «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына с ә й к е с ә з і р л е н д і .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 15.02.2013 № 48-НҚ бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Ерекше тәртіп мынадай ережелерді қамтиды:

- 1) тарифке (бағаға, алым ставкасына) енгізілетін шығындарды реттеу;
- 2) шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарының техникалық және технологиялық нормалары, сондай-ақ нормативтік техникалық ысыраптар шегінде табиғи монополия субъектісінің шығыстар баптарын шектеу;
- 3) тарифті (бағаны, алым ставкасын) қалыптастыру кезінде ескерілмейтін шығыстар тізбесін белгілеу;
- 4) тарифке (бағаға, алым ставкасына) енгізілетін пайдаларды шектеу;
- 5) негізгі құралдардың тозуын есептеудің қолданылатын әдістерін келісу;
- 6) табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметасында көзделген негізгі құралдарды қайта бағалау мен амортизациялық аударым құралдарын пайдалану бағыттарын келісу.

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2006 жылғы 17 наурыздағы N 78-НҚ , 2006 жылғы 14 тамыздағы N 203-НҚ бұйрықтарымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

3. Ерекше тәртіпте мынадай ұғымдар пайдаланылады:

тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігі - тарифті (бағаны, алым ставкасын) және тарифтік сметалар бекіту кезінде ескерілетін табиғи монополия субъектісінің қызмет (жұмыс) көрсетуге байланысты шығындардың жиынтығы. Осы шығындар қызметтің (тауардың, жұмыстың) өзіндік құнынан және кезең шығыстарынан (жалпы және әкімшілік шығыстар, іске асыру жөніндегі шығыстар, сыйақы төлеу жөніндегі шығыстар) тұрады;

тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіне енгізілетін шығын түрлерін шектеу - тарифті (бағаны, алым ставкасын) және тарифтік сметалар бекіту кезінде ескерілмейтін шығындар тізбесін белгілеу;

шығыстар деңгейін шектеу - шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарының техникалық және технологиялық нормаларының, сондай-ақ нормативтік техникалық ысыраптар мен лимиттердің негізінде ескерілетін тарифте (бағада, алым ставкасында) шығындар деңгейінің шегін белгілеу;

шығыстар - уәкілетті орган бекіткен тарифтер (бағалар, алым ставкалары) бойынша қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көрсетуден алынған табысы есебінен олар жүзеге асыратын табиғи монополия субъектісінің шығындары;

табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтері (тауарлары, жұмыстары) - табиғи монополия саласындағы және уәкілетті орган мемлекеттік реттеуге жатқызған, белгілі бір тауарды тұтынушыға қызметтер (тауарлар, жұмыстар) түрінде беру жағдайын қоса, табиғи монополия субъектісі ұсынатын қызметтер (тауарлар, жұмыстар);

құзыретті орган - салалық министрлік және (немесе) ведомство, ал су шаруашылығы және (немесе) кәріз жүйелерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілері үшін - жергілікті атқарушы органдар;

уәкілетті орган - табиғи монополия салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту. 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005.04.21 N 142-НҚ , 2006.03.17 N 78-НҚ , 2006.08.14 N 203-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2009.02.17 N 48-НҚ Бұйрықтарымен.

4. Ерекше тәртіп реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынатын табиғи монополия субъектілеріне қолданылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 142-НҚ Бұйрығымен.

5. Тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) қалыптастыру реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтастай өзге қызмет бойынша табыстарды, шығындар мен тартылған активтерді есепке алу негізінде жүргізіледі.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) қалыптастырған кезде осы Ерекше тәртіптің талаптарын ескере отырып шығындар енгізіледі. Шығындардың баптарын қалыптастыру бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Есеп саясаты табиғи монополия субъектісі уәкілетті органмен келіскеннен кейін тігін қ а б ы л д а й д ы .

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 142-НҚ, 15.02.2013 № 48-НҚ (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрытарымен.

2. Реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тарифіне (бағасына, алым ставкасына) енгізілетін шығындарды реттеу

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы өзгертілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 142-НҚ Бұйрығымен.

6. Табиғи монополия субъектісінің тарифіне (бағасына, алым ставкасына) енгізілетін шығындарды реттеу тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіне енгізілетін шығын түрлерін шектеу және табиғи монополия субъектісінің шығыс деңгейін шектеу жолымен жүзеге асырылады.

7. Тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіне енгізілетін материалдық шығыстар өнімнің (қызметтердің, тауарлардың, жұмыстардың) бірлігін шығаруға арналған шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарының техникалық және технологиялық нормаларына (бұдан әрі - материалдық ресурстар) және (немесе) уәкілетті органның ол белгілеген тәртіппен бекітілген материалдық ресурстардың нормаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тендерлік (конкурстық) сатып алулардың нәтижелері бойынша анықталған материалдық ресурстардың бағаларына сүйене отырып а й қ ы н д а л а д ы .

Ескерту. 7-тармақ жана редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР

Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2006 жылғы 17 наурыздағы N 78-НҚ , 2006 жылғы 14 тамыздағы N 203-НҚ бұйрықтарымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

7-1. Алып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 15.02.2013 № 48-НҚ бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Аудиторлық, консалтингілік, маркетингілік қызметтер мен мердігерлік тәсілмен жүргізілетін жөндеу жұмыстары, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, бөгде ұйымдар жүзеге асыратын, сатып алатын өндірістік сипаттағы басқа қызметтерге жұмсалған шығыстар тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіне енгізіледі.

9 . < * >

Ескерту. 9-тармақ алынып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2006 жылғы 17 наурыздағы N 78-НҚ бұйрығымен.

1 0 . < * >

Ескерту. 10-тармақ алынып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2008.11.14 N 349-НҚ Б ұйрығымен.

11. Уәкілетті орган бекіткен нормативтік техникалық ысыраптарға байланысты шығыстар тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіне е н г і з і л е д і .

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2008.11.14 N 349-НҚ Б ұйрығымен.

12. Табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдар құнының өсуіне әкелмейтін ағымдағы және күрделі жөндеу және басқа жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына арналған қаражаттары уәкілетті органмен келісілген шығындардың жылдық сметасына сүйене отырып, тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіне енгізіледі.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2006.03.17 N 78-НҚ , 2008.11.14 N 349-НҚ Бұйрықтарымен .

13. Субъект қызметкерлерінің еңбекақы жүйесі жөніндегі параметрлерін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен немесе жергілікті атқару органымен келісім бойынша құзыретті орган бекітеді.

Шығындарға енгізілетін өндірістік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары табиғи монополия субъектісі персоналының нормативтік санынан аспайтын нақты санға және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштері ескеріле отырып қолданыстағы тарифтерде (бағаларда, алым ставкаларында) қабылданған орташа айлық жалақыға сүйене отырып анықталады (инфляция).

Сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру, жылу энергиясын өндіру, беру саласындағы табиғи монополия субъектілері, электр және жылу энергиясының құрамдастырылған өндірісі бар энергия өндіруші ұйымдарды қоспағанда өндірістік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары табиғи монополия субъектісі персоналының нормативтік санынан және өтінім беру алдында бір ай бұрын статистика деректері бойынша өңірде қалыптасқан өндірістік персоналдың орташа айлық жалақысынан аспайтын нақты санынан анықталады.

Электр және жылу энергиясының құрамдастырылған өндірісі бар энергия өндіруші ұйымдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштері ескеріле отырып қолданыстағы тарифтерде (бағаларда, алым ставкаларында) қабылданған орташа айлық жалақыға сүйене отырып анықталған Сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру, жылу энергиясын өндіру, беру саласындағы табиғи монополия субъектілерінің, өндірістік персоналының жалақысын өтінім беру алдында бір ай бұрын статистика деректері бойынша өңірде қалыптасқан өндірістік персоналдың орташа айлық жалақысынан асырған кезде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштері ескеріле отырып қолданыстағы тарифтерде (бағаларда, алым ставкаларында) қабылданған орташа айлық жалақыға сүйене отырып анықталатын өндірістік персоналдың жалақысы ескеріледі (инфляция).

Шығындарға енгізілетін әкімшілік персоналдың еңбегіне ақы төлеу шығыстары табиғи монополия субъектісі персоналының нормативтік санын жоғарылатпайтын нақты санына сүйене отырып анықталады.

Сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру саласындағы табиғи монополия субъектілері, электр және жылу энергиясының құрамдастырылған өндіріспен энергия өндіруші ұйымдарды қоспағанда жылу энергиясын өндіру, беру үшін өндірістік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары табиғи монополия субъектісі персоналының нормативтік санынан және өтінім беру алдында бір ай бұрын статистика деректері бойынша өңірде қалыптасқан өндірістік персоналдың орташа айлық жалақысынан аспайтын нақты санынан анықталады.

Мемлекеттік кәсіпорындардан басқа табиғи монополия субъектілері басшыларының, олардың орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерлерінің және әкімшілік персоналдардың басқа қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары бойынша шығындарға енгізілетін әкімшілік персоналдың еңбегіне ақы төлеу шығыстары штат кестесіне сәйкес табиғи монополия субъектісінің лауазымдық жалақысының он бес еседен аспайтын ең жоғарғы және ең төменгі деңгейінің арасындағы ара қатынасы негізінде шектеледі.

Тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіне енгізілмейтін сыйлықақыға және жалақыға басқа да сыйақы түрлеріне шығыстарды табиғи

монополия субъектісі (мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда) таза табыс есебінен (нақты пайда) ол болған жағдайда жүзеге асырады.

Уәкілетті орган осындай немесе ұқсас қызмет түрімен айналысатын табиғи монополия субъектілерінің жалақыларына жұмсалатын шығындарды салыстырып талдау негізінде, сондай-ақ табиғи монополия субъектісі көрсететін реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемі қысқарған жағдайда тарифке (бағаға, алымдар ставкаларына) енгізілетін әкімшілік және (немесе) өндірістік персоналдардың еңбегіне ақы төлеу шығыстарын төмендету немесе жоғарылатудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 15.02.2013 № 48-НҚ бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. Тік жолды (бір қалыпты) есептеу тәсілі бойынша есептелген негізгі құралдардың және материалды емес активтердің амортизациялық аударымдары тарифтің шығындық бөлігіне енгізіледі.

Негізгі құралдардың және материалды емес активтердің тозуын тік жолды (бір қалыпты) есептеу тәсілін қолдану уәкілетті органның келісімін талап етпейді.

Амортизацияны есептеудің өзге тәсілдерімен амортизацияны қолдану және есептеу белгіленген тәртіпте Уәкілетті органмен келісіледі.

15. Уәкілетті орган табиғи монополия субъектісіне негізгі құралдарға қайта бағалау жүргізуін келіседі.

Уәкілетті орган табиғи монополия субъектісі негізгі құралдарға қайта бағалау жүргізгеннен кейін тарифтің (бағаны, алым ставкасын) шығын бөлігіне сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру саласындағы қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілерін қоспағанда, амортизациялық аударымдарды өсіруді кезең - кезеңмен енгізеді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 15.02.2013 № 48-НҚ бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16. Амортизациялық аударымдар негізгі құралдар құнының артуына әкелетін күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге және инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталады.

1 7 . < * >

Ескерту. 17-тармақ алынып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2008.11.14 N 349-НҚ Б ұйрығымен.

18. Табиғатты қорғау шығыстары, табиғат ресурстарын пайдалануға төлем Қазақстан Республикасының заңында белгіленген ставкаларға, тәртіпке және талапқа сәйкес анықталады.

19. Заңнамада белгіленген тәртіпте бекітілген табиғи монополия субъектісінің инвестициялық жобасын жүзеге асыру үшін заемдық қаражат сыйақысын төлеу шығыстары кезең шығыстарында ескеріледі.

Инвестициялық жобаны іске асыру үшін ұлттық валютада алынған заемдық қаражаттар бойынша сыйақы төлеуге жұмсалған шығыстар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 2 есе ресми ставкасын қолдана отырып есептелген сома шегінде тарифті (бағаны, алым ставкасын) есептеу кезінде ескеріледі.

Инвестициялық жобаны іске асыру үшін шетел валютасында алынған заемдық қаражаттар бойынша сыйақы төлеуге жұмсалған шығыстар Қазақстан Республикасының Лондон банкаралық рыногының 4 есе ставкасын қолдана отырып есептелген сома шегінде тарифті (бағаны, алым ставкасын) есептеу кезінде ескеріледі.

Шетел валютасында алынған заемдық қаражаттар үшін сыйақы Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының орташа мерзімді жоспарының негізгі көрсеткіштерінің және Қазақстан Республикасы республикалық бюджетінің болжамды көрсеткіштерінің негізінде шетел валютасына теңге бағамының болжамды өзгеруін ескере отырып, тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігі кезеңіндегі шығыстарда ескеріледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру ставкасы мен Лондон банк аралық рыногының ставкасы табиғи монополия субъектісінің тарифін (бағасын, алым ставкасын) және тарифтік сметасын бекіту жөніндегі шешім қабылдаған күніне қолданылады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2008.11.14 N 349-НҚ Бұйрығымен .

20. Кезең шығыстарында ескерілетін сақтандыру, салық, алымдар мен төлемдердің міндетті түрлеріне жұмсалған шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ставкаларға, төлем тәртібі мен шарттарына сәйкес айқындалады.

21. Уәкілетті органның бастамасы бойынша тарифті (бағаны, алым ставкасын) және тарифтік сметаларды, жалпы шаруашылық және әкімшілік мақсаттағы шығыстарды бекіткен жағдайда, уәкілетті орган осы Ерекше тәртіптің 22-тармағында көзделген жағдайларда алдағы тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) өзгерту кезеңі үшін тұтынушылар бағаларының индексін ескере отырып, қолданыстағы тарифтерде (бағаларда, алым ставкаларында) қабылданған шығыстар шегінде тарифтерге (бағаларға, алым ставкаларына) енгізіледі.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 15.02.2013 № 48-НҚ бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22. Уәкілетті орган тарифті (бағаны, алым ставкасын) қалыптастырған кезде табиғи монополия субъектілерінің қызметіне жүргізілген қаржылық сараптаманың нәтижелері бойынша, не табиғи монополия субъектілерінің қызмет тиімділігін төмендеткен (көрсетілген қызметтер (тауарлар, жұмыстар) бірлігінің өзіндік құнын арттыру, көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемін кеміту, кредиторлық және дебиторлық берешектерді арттыру) жалпы шаруашылық және әкімшілік мақсаттағы шығыстар сомасының өзгеруі мақсаттылығын айқындайды.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 15.02.2013 № 48-НҚ бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23. Әкімшілік персоналының өкілеттік, іссапарлық шығыстары және байланыс қызметінің шығыстары, мерзімдік баспасөзге, қызметтік автокөлікті ұстауға, ақпараттық, консультациялық және маркетингілік қызметтерге жұмсалған шығыстар уәкілетті органның келісімі бойынша табиғи монополия субъектісі белгілеген лимиттер шегінде тарифтерге (бағаларға, алым ставкаларына) енгізіледі.

Өндірістік қажеттілікке байланысты әкімшілік персоналының біліктілігін арттыруға жұмсалған шығын деңгейі уәкілетті органның алдын-ала келісімі бойынша тарифтің (бағаның, алым ставкасының) есебіне енгізіледі.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2008.11.14 N 349-НҚ Бұйрығымен.

23-1. Реттеліп көрсетілетін қызметтер шеңберінде экономикалық негізделген материалдар болған кезде өндірістегі өнертапқыштыққа және өнертабыстыққа байланысты шығыстар тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкасын) қалыптастырған кезде ескеріледі.

Ескерту. Ереже 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 15.02.2013 № 48-НҚ бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

24. Алып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 15.02.2013 № 48-НҚ бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

25. Уәкілетті орган тарифтердің (бағалардың, алым ставкасының) жобаларына сараптама жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартады және

жүргізілген сараптама негізінде түзету жүргізеді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2008.11.14 N 349-НҚ Бұйрығымен

3. Табиғи монополия субъектілерінің инвестициясы

26. Инвестиция табиғи монополия субъектілерінің өзінің және (немесе) заемдық қаражаттардың есебінен жүзеге асырылады. Өзінің қаражатының көздері пайда (таза табыс) және амортизациялық аударымдар болып табылады.

Заемдық қаражаттарды қайтару пайданың және (немесе) амортизациялық аударымдардың есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2008.11.14 N 349-НҚ Бұйрығымен

2 7 . < * >

Ескерту. 27-тармақ алынып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2008.11.14 N 349-НҚ Бұйрығымен.

4. Табиғи монополия субъектілерінің тарифтерін (бағаларын, алым ставкаларын) қалыптастыру кезінде ескерілмейтін шығыстардың тізбесі

28. Табиғи монополия субъектілерінің тарифтерін (бағаларын, алым ставкаларын) және тарифтік сметаларын қалыптастырған және бекіткен кезде тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігінде мынадай шығыстар ескерілмейді:

нормативтен тыс техникалық және коммерциялық ысырапқа, тауар-материалдық құндылықтардың және қоймалардағы қорлардың бүлінуі мен жетіспеушілігіне жұмсалған шығыстар, 24-тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа өнімсіз шығыстар мен ысыраптар;

қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсеткен, ұсынған кезде пайдаланылмайтын негізгі қаражаттардың амортизациялық аударымдары;

лизинг бойынша сенімді басқаруға, мүлікті жалға алынған негізгі құралдарды (жалпы шаруашылық мақсаттағы негізгі құралдардан басқа) пайдалану үшін жалдау төлеміне жұмсалған шығыстар;

былғағыш заттардың нормативтен тыс тасталындысы (лақтырындысы) үшін төлемдер;

с от шығындары;

с е н і м с і з қ а р ы з д а р ;

шаруашылық шарттардың талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар, өсімақылар, тұрақсыз төлемдер мен санкциялардың басқа түрлері;

табысты қысқартқаны (төмендеткені) үшін айыппұлдар мен өсімпұлдар;

талан-тараждан келген залалдар;

ақаудан болған ысырап;

қызмет көрсетуші өндірістер мен шаруашылықтарды (үй-жайларды тегін беру, қоғамдық тамақтандыру ұйымдарына коммуналдық қызметтер құнын төлеу және т.б.) ұстау жөніндегі шығыстар;

денсаулық сақтау, мектепке дейінгі балалар мекемелері, оқу орындарына, кәсіптік-техникалық училищелер объектілерін, құзыретті органмен келісілген технологиялық қажеттіліктен басқа, ұстауға жұмсалған шығыстар:

сауықтыру лагерлерін, мәдени және спорт объектілерін, тұрғын үй қорын ұстауға жұмсалған шығыстар;

мәдени-ағарту, сауықтыру және спорт іс-шараларын (демалыс кештерін, спектакльдер мен концерттер өткізу) өткізуге жұмсалған шығыстар;

кәсіпорындардың қызметкерлеріне тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, бақша үйлерін сатып алуға және үй шаруашылығын жүргізуге берілген несиелерді (пайыссыздарын қоса) өтеуге жұмсалған шығыстар;

бақшалық серіктестіктерді (оның ішінде жол салу, энергиямен және сумен жабдықтау, жалпы сипаттағы басқа шығыстарды жүзеге асыру) абаттандыру жөніндегі шығыстар;

лекциялар, көрмелер, пікірсайыстар, ғылым және өнер қайраткерлерімен кездесулер, ғылыми-техникалық конференциялар өткізуге және ұйымдастыруға, қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтардағы мүшелік жарнамаларға жұмсалған шығыстар;

бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнамалар жөніндегі, жарнамалық, плакаттық және баспаханалық өнімдер шығару жөніндегі шығыстар, өндірістік мақсаттарға пайдаланылатын өнімдерден басқа;

пәтерлер, тұрғын үй ғимараттарын және үй-жайлар, табиғи монополия субъектісінің персоналы үшін жатақханадан және қонақ үйлерден орындар сатып алуға, жалдауға және ұстауға жұмсалған шығыстар;

қаланы көріктендіру, ауыл шаруашылығына көмек көрсету жөніндегі жұмыстарды және осы тәріздес басқа жұмыстарды орындауға жұмсалған шығыстар;

білім ұйымдарында оқитын қызметкерлердің еңбек демалыстарына ақы төлеуге жұмсалған шығыстар;

жұмыс нәтижелері бойынша сыйлықақы беруге және сыйақының басқа нысандарына жұмсалған шығыстар;

қызметкерлерге және олардың балаларына емделуге, демалуға және саяхатқа шығуға жолдамаларға табиғи монополия субъектісі қаражаттарының есебінен, кәсіби ауруларды оңалту еміне байланысты шығындардан басқа, ақы төлеу

ж ө н і н д е г і

ш ы ғ ы с т а р ;

денсаулық сақтау органдарымен өз қызметкерлеріне медициналық көмек көрсетуге жасалған шарттар бойынша емхана қызметкерлеріне ақы төлеу ж ө н і н д е г і

ш ы ғ ы с т а р ;

сақтандыру төлемдері (кәсіпорындармен өз қызметкерлерінің пайдасына жасалған жеке және мүліктік сақтандыру шарттары бойынша кәсіпорындар т ө л е г е н

ж а р н а л а р) ;

қызметкерлерге, оның ішінде балалар тәрбиелейтін әйелдерге қосымша берілетін демалыстарға (заңда көзделгеннен тыс), қызметкердің отбасы мүшелеріне демалысты өткізетін жеріне және қайтар жолына жолақы төлеу, сондай-ақ пайдаланылмаған демалысы үшін өтемақы төлеу жөніндегі шығыстар;

демеушілік көмектің барлық түрлерін көрсетуге жұмсалған шығыстар;

табиғи монополия субъектісінің қызметкерлеріне (қызметкерлерге тамақты тегін немесе төмендетілген баға бойынша беру, сауықтыру, секцияларда, клубтарда шұғылданатын, протез салатын және т.б. топтардағы абонементтерге ақы төлеу) заңнамада көзделгеннен басқа жеңілдіктер;

мерей тойлық күндерге сыйлықтар немесе қызметкерлерге ынталандыру түрінде берілген (автокөлік, пәтерлер, ұзақ уақыт пайдаланылатын заттар мен басқа тауарлар, сондай-ақ қызметкерлердің бет есептерінің пайыздық ставкаларын арттыру) сатып алу жұмсалған шығыстар;

мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі, санаторилердегі және сауықтыру лагерлеріндегі балалар тамақтарының құнын өтеуге жұмсалған шығыстар;

ұжымдық шарт айқындаған мақсаттар үшін кәсіподақтарға аударым жасау ш ы ғ ы с т а р ы ;

тәжірибе-эксперименттік жұмыстарды жүргізуге, өнертапқыштық пен рационализаторлық ұсыныстар бойынша модельдер мен үлгілерді жасауға және сынауға (реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынған кезде қолданылатын жұмыстарды қоспағанда), көрмелер, байқаулар, конкурстар мен басқа да іс-шаралар ұйымдастыруға, авторлық сыйақылар төлеуге және т.б. б а й л а н ы с т ы

ш ы ғ ы с т а р ;

өндіріске және қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көрсетуге тікелей қатысы жоқ және тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) өсуіне алып келетін шығыстардың басқа да түрлері.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005.04.21 N 142-НҚ, 2006.06.16 N 156-НҚ, 2008.11.14 N 349-НҚ, 15.02.2013 № 48-НҚ (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5. Табиғи монополия субъектілерінің тарифтеріне (бағасына, алым ставкасына) енгізілетін пайданы шектеу

29. Табиғи монополиялар субъектілері тарифінің (бағасының, алым ставкасының) есебіне қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасының шамасына пайда ставкасының туындысы ретінде анықталатын пайданың (таза табыстың) деңгейі енгізіледі.

Бұл ретте, егер сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтеріне тарифтердің жоспарлы деңгейі 1 м³-қа 200 теңгеден асатын болса қосымша құн салығынсыз, пайда ставкасы тарифті немесе оның шекті деңгейін бекітуге берген өтінімді беру күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасының деңгейінде қабылданады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 15.02.2013 № 48-НҚ (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Ерекше тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілік

30. Ерекше тәртіпті бұзуға жол берген табиғи монополия субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.